**Кейбір бұйрықтарға өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 29 мамырдағы № 148-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 2 маусымда № 38870 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз.

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтардың тізбесі бекітілсін (бұдан әрі – Тізбе).

2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Техникалық және кәсіптік білім департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Заң департаментіне осы бұйрықтың 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2026 жылғы 12 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін Тізбенің 1-тармағының тоғынызшы және оныншы абзацы, Тізбенің 2-тармағының тоғызыншы, оныншы, он үшінші, он төртінші, жиырма төртінші және жиырма бесінші абзацтары, Тізбенің 3-тармағының бесінші, алтыншы, жетінші, он екінші және он үшінші абзацтары, Тізбенің 4, 5 және 6-тармақтары, Тізбенің 7-тармағының жетінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы, он үшінші, он төртінші, он бесінші және он алтыншы абзацтарын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

2026 жылғы 12 шілдеден бастап:

Тізбенің 2-тармағының сегізінші абзацы мынадай редакцияда қолданылады:

"3. Мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес "Білім алушыларды білім беру ұйымдарының түрлері бойынша ауыстыру және қайта қабылдау" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің (бұдан әрі – Тізбе) 9-тармағында көрсетілген қажетті құжаттарды

ұсына отырып, ауысу туралы еркін нысандағы өтінішпен көрсетілетін қызметті берушіге не "цифрлық үкіметтің" веб-порталына (бұдан әрі – Портал) жүгінеді.";

Тізбеге 1, 2, 3, 6, 9, 11 және 12-қосымшалар осы бұйрыққа 2, 3, 4, 5, 6, 7, және 8-қосымшаларға сәйкес редакцияда қолданылады деп белгіленсін.

*Қазақстан Республикасы*
*Оқу-ағарту министрі* *Ж. Сулейменова*

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Жасанды интеллект және
цифрлық даму министрлігі

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрі
2026 жылғы 29 мамырдағы
№ 148-НҚ Бұйрыққа
1-қосымша

**Өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтардың тізімі**

1. "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға академиялық демалыстар беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 506 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10475 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 47) тармақшасына және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы " Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға академиялық демалыстар беру қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияла жазылсын:

"1. Осы Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға академиялық демалыстар беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 47) тармақшасына сәйкес және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы " (бұдан әрі - Заң) Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға академиялық демалыстар беру тәртібін айқындайды.";

2-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 15 мамырдағы № 620 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының азаматтарын әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру мен жүргізу қағидаларына сәйкес әскери қызметке шақыруды растау туралы мәліметтер.";

12 тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Көрсетілетін қызметті беруші Заңың 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректердің мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне цифрландыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен енгізілуін қамтамасыз етеді.";

көрсетілген Қағидаларға 1- қосымша осы Тізбеге 1 қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 2 қосымша осы Тізбеге 2 қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

2. "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру саласындағы мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 қаңтардағы № 19 бұйрығына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10297 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 47) тармақшасына және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы " Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Білім алушыларды білім беру ұйымдарының түрлері бойынша ауыстыру және қайта қабылдау" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. "Білім алушыларды білім беру ұйымдарының түрлері бойынша ауыстыру және қайта қабылдау" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 47) тармақшасына және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленген және меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдаудың мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайды.";

3 тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес "Білім алушыларды білім беру ұйымдарының түрлері бойынша

ауыстыру және қайта қабылдау" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің (бұдан әрі – Тізбе) 9-тармағында көрсетілген қажетті құжаттарды ұсына отырып, ауысу туралы еркін нысандағы өтінішпен көрсетілетін қызметті берушіге не "электрондық үкіметтің" веб-порталына (бұдан әрі – Портал) жүгінеді.";

екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауын, көрсетілетін қызметті берушінің атауын, тәсілдерін, мерзімін, нысанын, нәтижесін, мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдерін, көрсетілетін қызметті берушінің, көрсетілетін қызметті берушінің және цифрлық объектілерінің жұмыс кестесін, мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесін, мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздерді қамтитын, мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес Тізбесінде келтірілген.";

бесінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Көрсетілетін қызметті алушы Тізбенің 9-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі құжаттарды қабылдаудан бас тартады және құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді. Құжаттарды Портал арқылы ұсынған жағдайда, құжаттарды одан әрі қараудан бас тарту туралы хабарлама 1 (бір) жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жолданады.";

24-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"24. Көрсетілетін қызметті беруші Заңың 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректердің мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне цифрландыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен енгізілуін қамтамасыз етеді.";

көрсетілген Қағидаларға 1 қосымша осы Тізбеге 3 қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 2 қосымша осы Тізбеге 4 қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім алуды аяқтамаған адамдарға анықтама беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім алуды аяқтамаған адамдарға анықтама беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес ( бұдан әрі - Заң) әзірленді және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім алуды аяқтамаған адамдарға анықтамалар беру тәртібін айқындайды.";

4 тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін жеке тұлғалар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетілетін қызметті берушіге немесе "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім алуды аяқтамаған адамдарға анықтама беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің (бұдан әрі – Тізбе) 9-тармағында көрсетілген құжаттар тізбесін қоса бере отырып, осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш береді.";

екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауын, көрсетілетін қызметті берушінің атауын, тәсілдерін, мерзімін, нысанын, нәтижесін, мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдерін, көрсетілетін қызметті берушінің, көрсетілетін қызметті берушінің және цифрлық объектілерінің жұмыс кестесін, мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесін, мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздерді қамтитын, мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі бар қосымшаны осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес Тізбеде келтірілген.";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Көрсетілетін қызметті беруші Заңың 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректердің мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне цифрландыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен енгізілуін қамтамасыз етеді.";

көрсетілген Қағидаларға 1 қосымша осы Тізбеге 5 қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 2 қосымша осы Тізбеге 6 қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 3-қосымша осы Тізбеге 7-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 4-қосымша осы Тізбеге 8-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

3. "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының жатақханаларында орындарды бөлу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 66 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13487 болып тіркелді) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының жатақханаларында орындарды бөлу қағидалары мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы білім беру ұйымдарының жатақханаларындағы орындарды бөлу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 48) тармақшасына және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес (бұдан әрі - Заң) әзірленді және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарындағы (бұдан әрі – ТКОБКБ ұйымдары) меншік құқығына тиесілі немесе өзге заңдық негізде ұйымдардың иелігінде тұрған жатақханалардағы орындарды бөлу тәртібін айқындайды.";

2-1-тармақтың екінші бөлігінің 2) және 3) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

2) www.egov.kz "цифрлық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады;

3) "цифрлық үкімет" веб-порталында тіркелген ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы арқылы жүзеге асырылады.

8 - тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Конкурстық комиссия ТКОБКБ ұйымдары жатақханаларынан орын бөлуді осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес белгіленген нысан бойынша өтініш негізінде немесе порталға электрондық түрде берілген өтініш негізінде осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес Тізбенің 9-тармағында көрсетілген қызметті алушының мәртебесін растайтын құжаттарды қоса бере отырып жүзеге асырады.";

8-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8-1. Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтерді, ата-анасының ( ата-аналарының) қайтыс болуы туралы куәлікті (жетім балалар үшін), жылжымайтын мүлкінің бар (жоқ) екендігі туралы ақпаратты, жасына байланысты зейнетақы/ жәрдемақы алушының куәлігі (көп балалы отбасылардан шыққан балалар үшін), " Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 260 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша мүгедектік туралы анықтама (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32922 болып тіркелген), Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 21 маусымдағы № 227 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32885 болып тіркелген) Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау және төлеу қағидаларына сәйкес өтініш берушінің (отбасының) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушыларға тиесілігін растайтын ақпарат көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы алады.";

16 тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Көрсетілетін қызметті беруші Заңың 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректердің мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне цифрландыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен енгізілуін қамтамасыз етеді.";

көрсетілген Қағидаларға 2 - қосымша осы Тізбеге 9 - қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 5 - қосымша осы Тізбеге 10 - қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 2-қосымшада:

4. "Техникалық және кәсіптік, орта білімінен кейінгі білім беретін үздік ұйым" грантының мөлшерін және оны беру тәртібін белгілей отырып, оны беруге арналған конкурсты өткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 21 қыркүйектегі № 484 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17540 болып тіркелді) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Техникалық және кәсіптік, орта білімінен кейінгі білім беретін үздік ұйым" грантының мөлшерін және оны беру тәртібін белгілей отырып, оны беруге арналған конкурсты өткізу қағидаларында:

11-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) техникалық және кәсіптік, орта білімінен кейінгі білім беру ұйымдарының қызмет сапасы;

тәуелсіз аккредиттеуден өтуі;

соңғы 3 жылдағы қаржы шығындарын көрсетіп, құрылған және қайта жабдықталған зертханалар және шеберханалар саны;

мамандықтар бойынша цифрлық білім беру ресурстарының, оқу - әдістемелік құралдардың саны;

оқытудың цифрлық технологияларын енгізу;

оқытушыларды біліктілікті арттырумен және тағылымдалармен қамту, оның ішінде шетелде;

техникалық және кәсіптік білімі бар кадрлар даярлау мамандықтары бойынша сатып алынған жаңа және/немесе шетел әдебиетінің саны;

техникалық және кәсіптік, орта білімінен кейінгі білім туралы үздік диплом алған түлектердің үлесі;

веб-сайттың бар болуы, толтырылуы және бірнеше тілде (мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде) сайттың қызмет етуі;";

23 - тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"23. Конкурстық негізде "Техникалық және кәсіптік, орта білімінен кейінгі білім беретін үздік ұйым" грантын алған мемлекеттік техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары грантты білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық жабдықтауды жақсартуға және білім беру процесін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуге жұмсайды.";

5. "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары іске асыратын білім беру бағдарламаларының тізілімін жүргізу қағидалары, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізу және алып тастау негіздерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 7 қазандағы № 417 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30099 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары іске асыратын білім беру бағдарламаларының тізілімін жүргізу қағидалары, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізу және алып тастау негіздерінде:

2-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) білім беру бағдарламаларының тізілімі – техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары (бұдан әрі – ТжКОББ) әзірлеген ББ қамтитын білім беру саласындағы уәкілетті органның цифрландыру объектісі.".

6. "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарда мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алушылар үшін өтемақылар төлеу арқылы қысқы және жазғы каникул кезеңінде қалааралық теміржол және автомобиль (таксиден басқа) көлігінде жеңілдікпен жол жүруді қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 497 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 31134 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарда мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алушылар үшін өтемақылар төлеу арқылы қысқы және жазғы каникул кезеңінде қалааралық теміржол және автомобиль ( таксиден басқа) көлігінде жеңілдікпен жол жүруді қамтамасыз ету қағидаларында:

6 тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Басқа қаладан келген студенттер мен бітірушілерге жол жүру өтемақысы осы тармақтың екінші бөлігінде көрсетілген құжаттарды ұсынбай, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының оқу процесінің кестесіне сәйкес олардың тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын "Ұлттық білім беру дерекқоры" цифрлық жүйесінде қалыптастырылған деректер негізінде төленеді.";

7. "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарындағы тәрбиеленушілер мен білім алушылардың жекелеген санаттағы азаматтарына, сондай-ақ, қорғаншылық (қамқоршылықтағы) пен патронаттағы тұлғаларына тегін тамақтандыруды ұсыну" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 3 сәуірдегі № 82 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32226 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарындағы тәрбиеленушілер мен білім алушылардың жекелеген санаттағы азаматтарына, сондай-ақ, қорғаншылық (қамқоршылықтағы) пен патронаттағы тұлғаларына тегін тамақтандыруды ұсыну" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді (бұдан әрі – Заң) және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алатын және тәрбиеленетін жекелеген санаттағы азаматтарға, сондай-ақ қорғаншылықтағы ( қамқоршылықтағы) және патронаттағы адамдарға тегін тамақтандыруды ұсыну тәртібін айқындайды.";

5 - тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын::

"5. Көрсетілетін қызметті алушы тегін тамақтануды алу үшін осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарындағы тәрбиеленушілер мен білім алушылардың жекелеген санаттағы азаматтарына, сондай-ақ, қорғаншылық (қамқоршылықтағы) пен патронаттағы тұлғаларына тегін тамақтандыруды ұсыну" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне (бұдан әрі - Тізбе) көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі не www.egov.kz "цифрлық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы, "Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес

акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорациясы) немесе ұялы байланысының абоненттік құрылғысы арқылы өтініш береді.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжатты, отбасыларда тәрбиеленетін жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар үшін, қорғаншылық (қамқоршылық), патронаттық тәрбие туралы мәліметтерін, (отбасының) атаулы әлеуметтік көмек алушыларға тиесілігін растайтын ақпаратты көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден "цифрлық үкімет " шлюзі арқылы алады.";

8 - тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Көрсетілетін қызметті алушы осы Қағидалардың 2-қосымшасының 9-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық емес топтамасын және ( немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші немесе Мемлекеттік корпорация қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.";

9 - тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарындағы тәрбиеленушілер мен білім алушылардың жекелеген санаттағы азаматтарына, сондай-ақ, қорғаншылық (қамқоршылықтағы) пен патронаттағы тұлғаларына тегін тамақтандыруды ұсыну жөніндегі мемлекеттік көрсетілетін қызмет проактивті тәсілмен , қызметті берушінің бастамасымен көрсетілетін қызметті алушының ұялы байланысының абоненттік құрылғысының телефон нөмірін www.egov.kz "цифрлық үкімет" веб-порталында тіркеген кезде көрсетілетін қызметті берушінің және мемлекеттік органдардың электрондық жүйелері арқылы, проактивті жолмен көрсетілуі мүмкін және оған:";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Көрсетілетін қызметті беруші Заңың 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректердің мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне цифрландыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен енгізілуін қамтамасыз етеді.";

көрсетілген Қағидаларға 1- қосымша осы Тізбеге 11 - қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 2 - қосымша осы Тізбеге 12 - қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 3 - қосымша осы Тізбеге 13 - қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 4-қосымша осы Тізбеге 14-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.".

Тізбеге 1-қосымша
Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға академиялық демалыстар беру қағидаларына 1-қосымша
Нысан

______________________________
/көрсетілетін қызметті беруші басшысының ТАӘ (ол болған жағдайда)/
_________________________
__________________________
/көрсетілетін қызметті алушының ТАӘ (ол болған жағдайда)/
______________________________
/көрсетілетін қызметті алушының байланыс деректері/
______________________________

**Өтініш**

Сізден ______________________________________________________________ / білім алушының ТАӘ (ол болған жағдайда), курс, мамандығын көрсету/

_____________________________________________________________________

_____________________________________________________________________ / себебін көрсету/

_____________________________________________________________________

_____________________________________________________________________

байланысты академиялық демалыс беруді сұраймын.

*Ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпиядан тұратын мәліметтерді пайдалануғакелісім беремін.

20___жылғы "____"___________ ________________ /қолы/

* Көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік корпорация арқылы жүгінген кезде

Тізбеге 2-қосымша
Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға академиялық демалыстар беру қағидаларына
2-қосымша

**"Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға академиялық демалыстар беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі**

| | | |
|---|---|---|
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымы (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) |
| 2 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің (бар болса) атауы | жоқ |
| 3 | Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету тәсілдерін | Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру:<br>1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі;<br>2) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация). |
| 4 | Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету мерзімін | 1) көрсетілетін қызметті берушіге, Мемлекеттік корпорацияға көрсетілетін қызметті берушінің орналасқан жері бойынша құжаттар топтамасын тапсырған күннен бастап – 2 (екі) жұмыс күні.<br>Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін Мемлекеттік корпорацияға мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі өткенге дейін бір күннен кешіктірмей жеткізуді қамтамасыз етеді;<br>2) көрсетілетін қызметті алушының құжаттар топтамасын тапсыру үшін кезек күтудің барынша рұқсат етілген уақыты – 20 (жиырма) минут, Мемлекеттік корпорацияда – 15 (он бес) минут;<br>3) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің барынша рұқсат етілген уақыты – 30 (отыз) минут, Мемлекеттік корпорацияда – 15 (он бес) минут. |
| 5 | Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нысанын | Қағаз жүзінде |
| | | Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға |

| | | |
|---|---|---|
| 6 | Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нәтижесін | академиялық демалыстар беру қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 3-тармағында белгіленген негіздер бойынша білім алушыға оның басталу және аяқталу мерзімдерін көрсете отырып, академиялық демалыс беру туралы көрсетілетін қызметті беруші басшысының бұйрығының белгіленген тәртіппен куәландырылған көшірмесі не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап. |
| 7 | Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамаларында көрсетілген жағдайларда оны алу тәсілдері | Тегін |
| 8 | Жұмыс кестесі | 1) Көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі мен жұма аралығында сағат 13:00-ден 14:00-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9:00-ден 18:00-ға дейін.<br>2) Мемлекеттік корпорация: Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің дайын нәтижелерін беру дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда үзіліссіз сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, Мемлекеттік корпорацияның халыққа қызмет көрсету кезекші бөлімдері дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін және сенбі күні сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін жүзеге асырылады.<br>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекен-жайлары:<br>1) Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің интернет-ресурсы: www.edu.gov.kz;<br>2) Мемлекеттік корпорацияның интернет-ресурсы: www.gov4c.kz. |
| | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | Көрсетілетін қызметті алушы (немесе нотариалды куәландырылған сенімхат бойынша өкілі) жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:<br>Көрсетілетін қызметті беруші арқылы:<br>1. Сырқатына байланысты ұзақтығы 6 айдан 12 айға дейін академиялық демалыс беру үшін:<br>1) жеке басын куәландыратын құжат немесе цифрлық құжаттар сервисінен алынған электрондық құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін талап етіледі);<br>2) Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша академиялық демалыс беру туралы өтініш;<br>3) Амбулаториялық-емханалық ұйым жанындағы ОДКК қорытындысы, ұзақтығы 36 айдан аспайтын туберкулезбен ауырған жағдайда академиялық демалыс беру үшін.<br>2. Туберкулезге қарсы ұйымның ОДКК шешімімен ауруына байланысты академиялық демалыс беру үшін:<br>1) жеке басын куәландыратын құжат немесе цифрлық құжаттар сервисінен алынған электрондық құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін);<br>2) Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша академиялық демалыс беру туралы өтініш;<br>3) туберкулезге қарсы ұйымның ОДКК шешімі, білім алушыларға академиялық демалыс беру үшін.<br>3. Әскери қызметке шақыруға байланысты академиялық демалыс беру үшін:<br>1) жеке басын куәландыратын құжат немесе цифрлық құжаттар сервисінен алынған электрондық құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін);<br>2) Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша академиялық демалыс беру туралы өтініш; |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 9 | | Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі | 3) әскери қызметке шақыруды растау туралы мәліметтер.<br>4. Үш жасқа толғанға дейін бала күтімі бойынша академиялық демалыс беру үшін:<br>1) жеке басын куәландыратын құжат немесе цифрлық құжаттар сервисінен алынған электрондық құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін);<br>2) Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша академиялық демалыс беру туралы өтініш;<br>3) баланың (балалардың) туу туралы куәлігі немесе цифрлық құжаттар сервисінен алынған электрондық құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін).<br>Мемлекеттік корпорация арқылы:<br>1. Сырқатына байланысты ұзақтығы 6 айдан 12 айға дейін академиялық демалыс беру үшін:<br>1) жеке басын куәландыратын құжат немесе цифрлық құжаттар сервисінен алынған электрондық құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін);<br>2) Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша академиялық демалыс беру туралы өтініш;<br>3) амбулаториялық-емханалық ұйым жанындағы ДКК қорытындысы, ұзақтығы 36 айдан аспайтын туберкулезбен ауырған жағдайда академиялық демалыс беру үшін.<br>2. Туберкулезге қарсы ұйымның ОДКК шешімімен ауруына байланысты академиялық демалыс беру үшін:<br>1) жеке басын куәландыратын құжат немесе цифрлық құжаттар сервисінен алынған электрондық құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін);<br>2) Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша академиялық демалыс беру туралы өтініш; |

| | | |
|---|---|---|
| | | 3) туберкулезге қарсы ұйымның ОДКК шешімі, білім алушыларға академиялық демалыс беру үшін.<br>3. Әскери қызметке шақыруға байланысты академиялық демалыс беру үшін:<br>1) жеке басын куәландыратын құжат немесе цифрлық құжаттар сервисінен алынған электрондық құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін);<br>2) Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша академиялық демалыс беру туралы өтініш;<br>3) әскери қызметке шақыруды растау туралы мәліметтер.<br>4. Үш жасқа толғанға дейін бала күтімі бойынша академиялық демалыс беру үшін:<br>1) жеке басын куәландыратын құжат немесе цифрлық құжаттар сервисінен алынған электрондық құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін);<br>2) Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша академиялық демалыс беру туралы өтініш;<br>3) баланың (балалардың) туу туралы куәлігі немесе цифрлық құжаттар сервисінен алынған электрондық құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін).<br>Мемлекеттік корпорация қызметкері өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтерді, баланың ( балалардың) тууы туралы куәліктерді "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады және көрсетілетін қызметті берушіге беру үшін қағаз тасымалдағышта басып шығарады .<br>Мемлекеттік корпорация қызметкері көрсетілетін қызметті алушыдан Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік қызмет көрсету кезінде ақпараттық жүйелерде заңмен |

| | | |
|---|---|---|
| | | қорғалған құпиядан тұратын мәліметтерді пайдалануға келісім алады.<br>Көрсетілетін қызметті алушы осы Қағидалардың 3-тармағында көрсетілген тізбеге сәйкес құжаттардың толық емес топтамасын және (немесе) жарамдылық мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда, сондай-ақ, құжаттар дұрыс болмаса және осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмесе, Мемлекеттік корпорация қызметкері құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қолхат береді. |
| 10 | Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздерді қамтитын, мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі | 1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттарының және ( немесе) олардағы деректердің ( мәліметтердің) дұрыс еместігінің анықталуы;<br>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті материалдар, деректер мен мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі негіз болып табылады;<br>3) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, " Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы. |
| | | 1) Заңнамада белгіленген тәртіппен өзіне өзі қызмет көрсетуді, өз бетімен қозғалуды, бағдаралуды жүзеге асыру қабілетін немесе мүмкіндігін толық немесе ішінара жоғалтқан көрсетілетін кызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжаттарды қабылдауды Мемлекеттік корпорация қызметтері 1414 Бірыңғай |

| | | |
|---|---|---|
| 11 | Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де талаптар | байланыс орталығына жүгіну арқылы тұрғылықты жері бойынша шығумен жүргізеді.<br>2) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметтерді көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты 1414, 8 800 080 77777 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар;<br>3) мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша анықтама қызметтерінің байланыс телефондары Министрліктің : www.edu.gov.kz интернет-ресурсында көрсетілген. |

Тізбеге 3-қосымша
"Білім алушыларды білім беру ұйымдарының түрлері бойынша ауыстыру және қайта қабылдау" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына
1-қосымша

## Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі "Білім алушыларды білім беру ұйымдарының түрлері бойынша ауыстыру және қайта қабылдау"

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) |
| 2 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің (бар болса) атауы | "Білім алушыларды білім беру ұйымдарының үлгілері бойынша ауыстыру"<br>"Білім алушыларды білім беру ұйымдарының үлгілері бойынша қайта қабылдау" |
| 3 | Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету тәсілдерін | 1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі;<br>2) "электрондық үкіметтің" www. egov. kz веб-порталы (бұдан әрі – Портал). |
| | | 1. Ауыстыру үшін:<br>1) бір білім беру ұйымында бір мамандықтан екіншісіне немесе бір оқу нысанынан екіншісіне – 3 ( үш) жұмыс күні;<br>2) бір білім беру ұйымынан басқа білім беру ұйымына – 10 (он) жұмыс күні;<br>3) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім |

| | | |
|---|---|---|
| 4 | Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету мерзімін | беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымнан жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын ұйымға – 3 (үш) жұмыс күні;<br>4) ақылы негізден мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға – 8 (сегіз) жұмыс күні;<br>5) бір оқу нысанынан басқа білім беру ұйымына – 10 (он) жұмыс күні ішінде;<br>6) шетелдік білім беру ұйымынан Қазақстан Республикасының білім беру ұйымына ауыстыру немесе қайта қабылдау кезінде – 2 (екі) жұмыс күні ішінде.<br>2. Қайта қабылдау үшін:<br>1) бұрын білім алған білім алушы басқа білім беру ұйымына – 10 (он ) жұмыс күні;<br>2) білім беру ұйымында оқу ақысын төлемегені үшін семестр кезінде оқудан шығарылған ақылы негізде білім алушылар оқудан шығарылған күннен бастап бір ай ішінде төлемақы бойынша қарызын өтеген жағдайда – 3 (үш) жұмыс күні;<br>3) шетелдік білім беру ұйымынан Қазақстан Республикасының Білім беру ұйымына - 2 (екі) жұмыс күні . |
| 5 | Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нысанын | Электронды (ішінара автоматтандырылған)/қағаз түрінде |
| 6 | Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нәтижесін | Осы Қағидаларға 3, 4-қосымшаларға сәйкес ауыстыру немесе қайта қабылдау туралы хабарлама не себептерін көрсете отырып, мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту.<br>Портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат (бұдан әрі - ЭЦҚ) нысанында жолданады. |
| | Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем | |

| | | |
|---|---|---|
| 7 | мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамаларында көрсетілген жағдайларда оны алу тәсілдері | Тегін |
| 8 | Жұмыс кестесі | 1) көрсетілетін қызметті берушіде: Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 13.00-ден 14.00-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.00-ға дейін.<br>2) Порталда: жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда тәулік бойы (Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексіне сәйкес көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін , демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күнімен жүзеге асырылады).<br>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары:<br>1) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің www.gov.kz/memleket/entities/edu интернет-ресурсында;<br>2) www. egov. kz порталында орналасқан. |
| | | Көрсетілетін қызметті берушіге:<br>Ауыстыру үшін:<br>1. Бір білім беру ұйымында бір мамандықтан екіншісіне немесе бір оқу нысанынан екіншісіне:<br>1) білім алушының (заңды өкілінің ) ауыстыру туралы еркін нысандағы өтініші.<br>2. Бір білім беру ұйымынан басқа білім беру ұйымына:<br>1) білім алушының (заңды өкілінің ) ауыстыру туралы еркін нысандағы өтініші;<br>2) білім алушының ауысып кететін білім беру ұйымы басшысының қолымен және мөрімен куәландырылған сынақ кітапшасының (немесе үлгерім кітапшасының) көшірмесі. |

| | | |
|---|---|---|
| | | 3. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымнан орта білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымға:<br>1) білім алушының (заңды өкілінің) ауыстыру туралы еркін нысандағы өтініші;<br>2) басқа білім беру ұйымына келгені туралы талон.<br>4. Ақылы негізден мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға:<br>1) білім алушының (заңды өкілінің) ауыстыру туралы еркін нысандағы өтініші;<br>5. Бір оқу нысанынан басқа білім беру ұйымына басқа нысанға:<br>1) білім алушының (заңды өкілінің) ауыстыру туралы еркін нысандағы өтініші;<br>2) білім алушының ауысып кететін білім беру ұйымы басшысының қолымен және мөрімен куәландырылған сынақ кітапшасының (немесе үлгерім кітапшасының) көшірмесі.<br>Шетелдік білім беру ұйымынан Қазақстан Республикасының білім беру ұйымына ауыстыру немесе қайта қабылдау кезінде:<br>1) меңгерілген оқу бағдарламалары туралы құжат (академиялық анықтама);<br>2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасында білім туралы құжаттарды тану рәсімінен өтетін алдыңғы білім деңгейін аяқтағаны туралы құжат;<br>3) шетелдік білім беру ұйымдарына түсу кезіндегі түсу сынақтарының нәтижелері.<br>Қайта қабылдау үшін:<br>Бұрын білім алған білім алушы басқа білім беру ұйымына:<br>1) қайта қабылданушының (заңды өкілінің) еркін нысандағы өтініші;<br>2) "Білім туралы құжаттардың түрлерін, білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың |

| | | |
|---|---|---|
| | | нысандарын және оларды есепке алу мен беру қағидаларын, білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттардың мазмұнына қойылатын негізгі талаптарды және оларды есепке алу мен беру қағидаларын, сондай-ақ білім беру ұйымдарында білім алуды аяқтамаған адамдарға берілетін анықтаманың нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 39 б ұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10348 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша білім алуды аяқтамаған адамдарға берілетін анықтаманың көшірмесі.<br>2. Білім беру ұйымында оқу ақысын төлемегені үшін семестр ішінде оқудан шығарылған ақылы негізде оқитын білім алушылар оқудан шығарылған күннен бастап бір ай ішінде төлемақы бойынша қарызын өтеген жағдайда:<br>1) қайта қабылданушының (заңды өкілінің) еркін нысандағы өтініші;<br>2) төлем бойынша қарызын өтегені туралы құжат.<br>Порталға:<br>Ауыстыру үшін:<br>1. Бір білім беру ұйымында бір мамандықтан екіншісіне немесе бір оқу нысанынан екіншісіне:<br>1) білім алушының (заңды өкілінің ), көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанындағы ауыстыру туралы өтініші.<br>2. Бір білім беру ұйымынан басқа білім беру ұйымына:<br>1) білім алушының (заңды өкілінің ), көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанындағы ауыстыру туралы өтініші;<br>2) білім алушының ауысып кететін білім беру ұйымы басшысының қолымен және мөрімен куәландырылған сынақ кітапшасының (немесе үлгерім |

| | | |
|---|---|---|
| 9 | Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі | кітапшасының) электрондық көшірмесі.<br>3. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымнан жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын ұйымға:<br>1) білім алушының (заңды өкілінің ), көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанындағы ауыстыру туралы өтініші;<br>2) басқа білім беру ұйымына келгені туралы талонның электрондық көшірмесі.<br>4. Ақылы негізден мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға:<br>1) білім алушының (заңды өкілінің ), көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанындағы ауыстыру туралы өтініші;<br>5. Бір оқу нысанынан басқа білім беру ұйымына басқа нысанға:<br>1) білім алушының (заңды өкілінің ), көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанындағы ауыстыру туралы өтініші;<br>2) білім алушының ауысып кететін білім беру ұйымы басшысының қолымен және мөрімен куәландырылған сынақ кітапшасының (немесе үлгерім кітапшасының) электрондық көшірмесі.<br>6. Шетелдік білім беру ұйымынан Қазақстан Республикасының білім беру ұйымына:<br>1) меңгерілген оқу бағдарламалары туралы құжаттың (академиялық анықтама) электрондық көшірмесі;<br>2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасында білім туралы құжаттарды тану рәсімінен өтетін |

| | | |
|---|---|---|
| | | алдыңғы білім деңгейін аяқтағаны туралы құжаттың электрондық көшірмесі;<br>3) шетелдік білім беру ұйымдарына түсу кезіндегі түсу сынақтары нәтижелерінің электрондық көшірмесі.<br>Қайта қабылдау үшін:<br>1. Бұрын білім алған білім алушы басқа білім беру ұйымына:<br>1) қайта қабылданушының (заңды өкілінің), көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанындағы өтініші;<br>2) "Білім туралы құжаттардың түрлерін, білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың нысандарын және оларды есепке алу мен беру қағидаларын, білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттардың мазмұнына қойылатын негізгі талаптарды және оларды есепке алу мен беру қағидаларын, сондай-ақ білім беру ұйымдарында білім алуды аяқтамаған адамдарға берілетін анықтаманың нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 39 б ұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10348 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша білім алуды аяқтамаған адамдарға берілетін анықтаманың электрондық көшірмесі.<br>2. Білім беру ұйымында оқу ақысын төлемегені үшін семестр ішінде оқудан шығарылған ақылы негізде оқитын білім алушылар оқудан шығарылған күннен бастап бір ай ішінде төлемақы бойынша қарызын өтеген жағдайда:<br>1) қайта қабылданушының (заңды өкілінің), көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанындағы өтініші;<br>2) төлем бойынша қарызын өтегені туралы құжаттың электрондық көшірмесі. |

| | | |
|---|---|---|
| | | 3. Шетелдік білім беру ұйымынан Қазақстан Республикасының білім беру ұйымына:<br>1) меңгерілген оқу бағдарламалары туралы құжаттың (академиялық анықтама) электрондық көшірмесі;<br>2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасында білім туралы құжаттарды тану рәсімінен өтетін алдыңғы білім деңгейін аяқтағаны туралы құжаттың электрондық көшірмесі;<br>3) шетелдік білім беру ұйымдарына түсу кезіндегі түсу сынақтары нәтижелерінің электрондық көшірмесі.<br>Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік органдардың тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерінен Портал арқылы алады.<br>Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім береді. |
